

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

### 3-секция

## СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ ЖӘНЕ ПӘНАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

---

### ҚАЗАҚ ЛИНГВОФОЛЬКЛОРТАНУЫ БАСТАУЫНДА (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)

*Жантас ЖАҚЫПОВ*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Астана, Қазақстан

Анализ фольклористических и лингвистических работ, в которых так или иначе затрагивались вопросы, связанные с фактами казахской народно-поэтической речи, привёл к выводу о неэффективности как чисто лингвистического, так и чисто фольклористического подхода к фактам языка фольклора, поскольку в поле зрения фольклористики оказались только те явления, которые лежат на поверхности, причем вне всякой связи друг с другом. Когда же языком фольклора заинтересовались лингвисты, обнаружилась другая крайность: языковые явления рассматривались вне связи с поэтикой, художественной структурой устно-поэтического текста и произведения в целом. В связи с этим кафедра казахского языкознания ЕНУ имени Л.Н. Гумилева начал работу над научным междисциплинарным проектом «Казахская лингвофольклористика». В ходе исследования обнаружено, что фольклористические исследования, в т.ч. теоретические работы по жанру фольклорных произведений, академика С.А. Каскабасова могут служить фольклористической основой лингвофольклористических исследований.

Ключевые слова: фольклористика, жанр, поэтика фольклора, фольклорный жанр, темпоральность, хронотоп, формульность, повтор, текстостроение.

Analysis of folkloristic and linguistic works in which anyhow touched issues related to the facts of the Kazakh folk-poetic speech, led to the conclusion about the ineffectiveness of a purely linguistic and purely folkloristic approach to the facts of the language of folklore, as the folkloristics covered only phenomena that are on the surface, and without any connection with each other. When linguists became interested in folklore language, it was discovered the other edge: linguistic phenomena were considered outside the context of the poetics, artistic structure of oral poetic text and the work as a whole. In this regard, the Department of Kazakh linguistics of ENU named after L.N Gumilyov began the work on an interdisciplinary research project «Kazakh linguo-folkloristics». During the research it was found that folkloristic studies, including Theoretical works on the folklore opus genre of the academician S.A. Kaskabasov can serve as the folkloristic basis for linguo-folkloristics investigations.

Key words: folkloristics, genre, poetics of folklore, folk genre, temporality, time-space, formulaicity, repeat, text construction.

Фольклортанулық және фольклор тіліне азды-көпті қатысы бар тілтанулық еңбектерді көздей шолғанда бір байқалған жайт – фольклор тіліне бірыңғай фольклортанулық я бірыңғай тілтанулық ыңғаймен келуге болмайды екен. Олай дейтініміз қазақ фольклортануы мәтін беткейіндегі құбылыстарға ден қойса, қазақ тілтануы тілдік құбылыстарды поэтикамен, фольклорлық мәтіннің көркем құрылымымен, тұтас туындымен байланыстырмай талдайтыны байқалады.

Әрине, жекелеген еңбектерде тілтанушылар фольклорлық сөздің эстетикалық құндылығын аңдататарлық пікірлер білдірді (Е. Жұбанов, Р. Сыздық т.б.), десек те тілдік айғақтар тіркеліп, оған тек лингвистика шегінде ғана құрылымдық-семантикалық талдаулар ғана жасалған. Және бұл тілдік айғақтар өзінің контексінен жатсындырылып оңашаландырыла қаралды.

Қазақ филологиясы үшін фольклор тілін зерттейтін арнаулы пәннің керектігі сонда, фольклор сөзін халықтың көркем шығармаларының сипаты ретіндегі табиғатын ашумен ғана шектелмейді, мұндай арнаулы сала ауызша көркем сөзді зерттеудің өзгеше бір біріктірмелі әдістері мен әдістануын іздеп табуға сеп болады деп санаймыз. Бұл, негізінен, фольклортану мен тілтануды ықпаластыру, басқа да ғылыми салалардың жетістіктерін жасампаздықпен пайдалану деген сөз.

Фольклорлық мәтінді зерттеушінің алдында тұрған мәселенің нақты санын көрсету әзірше мүмкін емес. Алайда еуразия кеңістігінде фольклорға зейін қойған ғалымдардың мұны жинақтай көрсетуге деген талпыныстары бар, бұл, әсіресе, орыс филологтеріне тән. Мәселен, орыстың көрнекті филологы А.Н. Веселовский мұндай мәселелерді бір-бірімен байланысты іргелі үш мәселенің айналасына шоғырлаған: фольклор тілінің сөйлеудің басқа түрлерімен, бастысы диалектімен, қарым-қатынасы, фольклор тілінің диалектіден үстем сипаты туралы пайымдаулар; 2. поэтикалық кептің (речь) формулалық сипаты, оның генезисі, қолданылуы мен дамуы, «халықтық жыр мен ертегінің морфологиясын» айналымға енгізу; 3. тұрақты эпитеттерді ауызша көркем тілдің формулалығының айқын көрінісі ретінде қарау [1: 83.]. Ол заман үшін дұрыс-ақ, бірақ қазіргі талапты қанағаттандырмауы заңды.

Орыс филологиясында лингвофольклортануды жеке өріске алып шыққан А.Т. Хроленко пәннің қарастыратын мәселелерінің нақты шекарасын сызып бермегенмен, айқын айқындаған, ол мыналарды қамтиды: фольклорлық сөздің семантикасы, фольклорлық лексикография, фольклорлық диалектология, фольклорлық мәтіндегі идиолект, кроссмәдени лингвофольклортану т.б. [2]

Қалай десек те, лингвофольклортанудың бір тірегі фольклортану болуға тиісті. Осы тұрғыдан келгенде, академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың еңбектеріндегі бірқатар тұжырым мен пайымдаулар қазақ лингвофольклортануына зор үлес болып қосылатыны даусыз. Ғалымның тұжырымдарына тоқталып лингвофольклортануға ықпалын таразылап көрейік.

С.А.Қасқабасовтың фольклорлық шығарманың лингвистикасына қатысты пікірлерінің дені оның фольклорлық жанр жөніндегі теорияны баяндайтын тұстарында көрініс береді.

Ғалым «Қазақтың халық прозасы» атты айтулы еңбегінде: «... фольклор жазба әдебиетпен бірдей емес. Ол да сөз өнері екені рас, бірақ оның әдебиеттен оқшауландыратын өзіндік сипаттары да аз емес. Ендеше жазба әдебиеттегі жанрлар мен фольклордағы жанрлар табиғатында да айырмашылық болу керек. Біздің міндетіміз – осы айырмашылықты анықтап, соның негізінде фольклорлық жанрларды сипаттау, оларды ғылыми түрде жіктеу, саралау және жүйелеп зерттеу.

Демек, фольклор жанрларын зерттегенде екі нәрсе қатар ескерілуі қажет. Ол: а) фольклордың сөз өнері ретінде әдебиетпен туыстығы, жақындығы; ә) фольклорды әдебиеттен алшақтатын ерекшеліктер» туралы орынды мәселенің шешімін көрсетеді [3: 23].

Мұнан лингвофольклортанушының алар бағдары мынаған келіп саяды: қазақ тілтанушылары фольклорлық шығармалардағы тілдік айғақтарды ендігі жерде бұрынғы әдетпен көркем әдебиет тілімен бірдей етіп қарастырмай фольклорлық контексте саралауға тиісті.

Ғалымның тұжырымдауынша, "жанр – шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері. Бұл, әсіресе, фольклорлық шығармада айқын көрінеді. ... Яғни, фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады" [3: 23]. Осы дәйектемедегі "баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері" деген ұғымдарға мән берсек, алдымен еске сөзді қолдану мәселесі түседі. Яғни, адресант (ертекші, жыршы) тілдік материалды әр түрлі жағдаятқа орай және мүмкіндігінше пайдаланып жаңа жанрлық мәтін түзіп отырады. Фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік-тұрмыстық қызметі жағынан келгенде, көркем әдебиеттен өзгеше екені - фольклорлық сөзді зерттеушілердің назарында ұстауға тиісті қағида. Ал эстетикалық функция шығармада не айтылғанын ғана емес, ол *қалай айтылғанын* да қажет ететіні іс барысын тілтануға ұластырады [3: 31].

Бұл ойды орыс лингвофольклоршысы З.К. Тарлановтың мына бір пікірі қуаттай түседі: «Именно функциональные, интенциональные характеристики языковых единиц создают объективную основу для оценки фольклорного языка в его противопоставленности нефольклорным разновидностям языка. В связи с этим выявление формально-языковой специфики произведений различных жанров фольклора в их синхронной и исторической соотнесенности должно быть признано одним из важнейших направлений в изучении языка устнопоэтического творчества в целом» [4: 21]

Тіл білімінде құрылымтанушылар "синтаксистік шақ", функционалшылар "темпоралдылық" деп атап жүрген құбылыс бар. Екі түрлі аталуына себеп сол, құрылымшылар «пішіннен мағынаға», функционалшылар «мағынадан пішінге» бағыт ұстайды. Алайда тілді таңбалық пішін деп қана емес, қолданылатын таңба деп қарасақ, функционалшылдық тілдің қызметін айқындайтындықтан тиімдірек болатыны көп дәлелді қажет етпейді.

Қазақ тілінде синтаксема ретінде түсіндіретін қысқа анықтама бар: «Темпоратив – синтаксема, ол мезгілдік белгіні білдіреді. Қимылдың немесе алыптың ұзақтылығын, оның мезгілдік шегін, белгілі нүктеде уақыттық континуумның қатыстылығын білдіреді» [5: 375-376]. Демек, темпоралдылыққа «уақыт» ұғымы негіз болады. Ал уақыт – тілдік қана емес, философиялық, онтологиялық санат. Алайда бұл санатты тілтанумен қабыстырғанда А.В. Бондарконың мына анықтамасы оңтайлы болып көрінеді: «темпоральность – это функционально-семантическая категория, выражающая сущность физического и философского аспектов времени, реализуемая различными языковыми средствами выражения времени: совокупностью грамматических, лексических и

комбинированных средств, где ядром темпоральности является грамматическое время». Еске ұстар жайт – лингвофольклортану нысаны, негізінен, мәтін болатындықтан, грамматикалық шақпен я болмаса физикалық уаықтпен шектелуге болмайды, көркем темпорал деңгейін шығу қажет болады. Зерттеуші Д.Р. Гильфанованың көрсетуінше, көркем темпоралдылықтың санаттарына проспекция, ретроспекция, континуум және хронотоп жатады [6: 9]. Бұл мәселе арнайы үңілуді талап етеді. Әзірше, біздің қолымызда С.А. Қасқабасовтың қазақ фольклорлық мәтініндегі осы санаттардың қарастыруға фольклортанулық тірек болар мынадай тұжырымдары бар: "Фольклордың әдебиеттен айыратын бір өзгешелігі – шығармада уақыттың бейнелену түрі. Егер әдебиетте уақыт өткен және осы шақ ретінде көрініп, өзінің нақты мағынасында бейнеленсе, фольклорда уақыт ең алдымен өткен шақ, ерте заманда өткен дәуір ретінде түсіндіріледі де, ол сығымдалып бейнеленеді. Сонымен бірге фольклорлық шығармада баяғыда болған кейіпкердің іс-әрекеті осы шақ түрінде баяндалады, яғни осы қазір болып жатқандай сезіледі. Кейде грамматикалық формасы өткен шақ болса да, оқиға мен қимыл, іс-әрекет осы шақ мағынасында түсініледі" Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ осы өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Бұл қасиетті, әсіресе, батырлар мен тарихи жырдан және аңыздан, шежіреден байқауға болады. Демек, фольклорлық шығармадағы қазіргі шақ пен бұрынғы шақтың жігі айтушылар мен тыңдаушылар үшін баяндалған оқиғаның ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншалықты маңызды екендігінде. Олай болса, фольклорлық жанрларда уақыт әр түрлі мағынада қабылданады. Кейбір жанрларда (ғашықтық, батырлық, қиял-ғажайып ертегілер мен хикаяттарда) өткен дәуір маңызды бола тұса да, тұйықталып («закрытое в себе» деп Гегель айтқандай), тарих дүниесі болып қабылданады. Ал енді бір топ жанрда (батырлар жырында, тарихи жырда, шежіре мен аңызда) өткен дәуір айтушы мен тыңдаушылар заманымен сабақтасып, тіпті әлі жалғасып жатқандай сезіледі.

Бұдан шығатын қорытынды: фольклорлық шығармада тарих пен қазіргі заман (айтушы мен тыңдаушының дәуірі) уақыт өлшемімен жіктелмейді. Ол екеуінің арақатынасы, жігі елдің, айтушы мен тыңдаушылардың санасы мен ой елегінен өтіп белгіленеді, баяндалып отырған оқиғаның ел үшін маңыздылығымен, сол дәуірге үндестігімен, жалғастығымен өлшенеді [3: 37-38]. Мұнан тағы бір байқалатыны – комуникативтік жағдаятқа орай адресат пен адресант контекстінің үйлесімі сияқты лингвистикалық құбылыстың заңдылығы.

Фольклорлық-тілдік үдерістегі инсан мәселесі – лингвофольклортанудағы өзекті мәселенің бірі. С.А. Қасқабасов қазақ фольклористикасында ертекшіге көңіл бөлінбейтінін ескерте отырып, ертегі поэтикасын зерттеу үшін ертекшілердің айту мәнерін, талантын, стилін, басқаша айтқанда, оның ертегіні жадында ғана сақтамай елге қалай жеткізетінін анықтау қажет екендігін міндет етіп қояды [3: 260]. Бұл міндет тек ертекшіге ғана емес, жалпы фольклор мәтінін түзушілердің жалпысына қатысты орындалса құба-құп, алайда бізге

фольклорлық-тілдік тұлға мәселесін қарастырудан біз кеш қалып қойғандай көрінеміз. Өйткені қазіргі заманда ертекші де, әңгімеші де, жыршы да кітапқа басылған мәтіндерге сүйенетіні белгілі. Ал қазіргі антропоэзектік тілтану көкейтесті болып тұрған кезеңде мұндай бағдардағы зерттеу керек-ақ. Осы мақсатта бір әлсіз үміт сәулесіне сенгің келеді. Түсіндірейік. Біздіңше, фольклорлық шығарманың әр түрлі нұсқаларын салғастыру арқылы олардың мәтіндеріндегі, сөз қолданыстарындағы ерекше сипаттарын ашу, ол үшін, әрине, оларды айтып жеткізуші кім екені белгілі болуы қажет. Сол белгілі айтушының басқа жеткізген фольклорлық мәтіндерін осы салыстырылған мәтінмен тағы да салғастыру. Өйткені: «Давно уже подмечено, что каноническое искусство, оставляющее, казалось бы, ничтожную возможность для индивидуального начала, тем не менее способствует изобретательности в области формы, стимулирует своего рода творческое «соревнование» мастеров, следование традиции становится творческим состязанием мастера с предшественниками и последователями [7: 85]. Орыс лингвофольклортануының көшбасшыларының бірі А.Т. Хроленко дәл осындай жарыста пішін мен тілдің керемет сипаттары пайда болады да, ең бір тұрақты деген құрылым жанрдың өзін өзгертіп жіберетінін айтады. [2: 121]. Осы тұстан лингвофольклортанудағы ерекше бір бірлік идиолект туралы мәселе келіп шығады. Ал идиолектінің болуы – дәстүрлі мәдениетің, тіпті мифтің жасалуының да, табиғи сипаты болып саналады. Түйіндей айтқанда, академик тұжырымдары фольклордағы тілдік инсан (тұлға) мәселесін зерттеуге түрткі болады.

Фольклор туындыларынан автор іздемеу керек екені белгілі десек те, мәтін деңгейінде таразыланатын авторлық модальділік санаты сипаттарының лингвофольклортануға қатысы бар екені байқалады. Бұл ойға С.А. Қасқабасов көрсеткен мына бір айғақ қозғау салатыны анық: «Тегінде, фольклордың өмірді бейнелеу принципі объективті емес, көп жағдайда субъективті және нормативті болады. Бірақ бір жанрда бұл екі принциптің біреуі ғана басты болады. Мысалы, эпоста субъективті принцип негізгі болып саналады. Алайда, мұнда субъективтілік объективті формада көрінеді. Мысалы, қаһармандық эпоста батырдың ерлік қимылы мен іс-әрекеті мадақтала жарланады, яғни жыршы ерлікті объективті түрде бейнелеген болып көрінеді, ал, шындығында, ол өз сезімін білдіре, өзінің ой елегінен өткізе бейнелейді және өзіне ұнаған іс-әрекетті мадақтай, дәріптей жырлайды. Сондықтан да эпос «дәріптеу поэзиясы» («идеальная поэзия») деп аталады. Сонымен қатар эпоста нормативтік принцип те көрінеді: суреттелетін нақтылы батыр емес, батыр қандай болу керектігі көрсетіледі. Ал халық прозасында, дәлірек айтсақ, ертегіде субъективтік те, нормативтік те принцип байқалады.

Жыршы болмысты, батырдың өмірін суреттегенде, оны белгілі бір схемаға, қалыпқа салады, сөйтіп кейіпкер бейнесін идеалды типтік сипатқа түсіреді, оның ешбір даралық қасиетін қалдырмайды, бейнеленіп отырған қоғамның түсінігіне, тыңдаушы пайымына сәйкес дәріптеп, мадақтайды» [3: 41].

С.А.Қасқабасов еңбектерінде фольклорды тіл біліміндегі мәтінтүзім саласында зерттеуге азық болар пікір-пайымдар да толымды екенін айтып өтумен ғана шектелеміз [3: 38-39, 253-259].

Орыс лингвофольклортануында тұрақты эпитеттерді ауызша көркем тілдің формулалығының айқын көріністеріне бөлекше бір мәселе ретінде қарайды. Қазақ филологиясында мұны С.А. Қасқабасов еңбектерінен тауып отырмыз.

Қазақ әдебиеттануында ауыз әдебиеті мәтіндеріндегі мұндай сипаттарға маңыз бере қоймайды, ал С.А.Қасқабасов мұның функциялық себептеріне ой жібереді. «... қаһармандық эпоста маңызды нәрсе – батырдың іс-әрекетін түсіндіру емес, оның ерлігін мадақтау, жауға қарсы соғыстың саяси және моральдік, отан сүйгіштік мәнін ашу. Осыдан барып батырдың қалыптасқан, канонды образы пайда болады. Алайда, бұл образды кейінгі заманда туған әдебиет өлшемімен зерттеген ғалымдар «штамп образдар» деп оларға менсінбеушілікпен де қарады. Эпос стилінің көтеріңкі болатыны да, кейіпкер мінездемелерінің жалпылама болатыны да осыдан. Соған қарамастан осы «штампытар» (образ, стиль, мінездеме) өз кезінде қаһармандық эпостың мақсатына сай көркемдік қызмет атқарды» [3: 34].

Мұнан соң ғалым фольклор мәтіндерінде кездесетін формулалық айғақтарды көрсетіп береді, автор айғақтары ертегі жанрына бағадарланған: «Ертегілік образ жасауда көптеген ауызекі шығармаларда кездесетін дәстүрлі стилдік формулалар үлкен рөл атқарады» [3: 267]. Ғалым еңбегінде фольклорлық формулалардың мынадай тілдік көріністері алға тартылады:

- кейіпкердің фольклорлық сипатын көрсететін «*Атса, мылтық өтпейді, шапса, қылыш өтпейді, адамның күші жетпейді*» сияқты тұрақты қайталанып отыратын сөйлемдер;

- баталиялық көріністердің әсерін күшейтетін тұрақты тілдік қалыптар: «*Ой жерді дөң қылады, дөң жерді ой қылады*», «*Қабырғасы қайысты, Найза қанға майысты*» т.с.с.;

- фольклорлық кейіпкердің тумысын ерекшелейтін «*Ай сайын емес, күн сайын өсіпті; алты күнде күліпті, алты күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты*» дейтін т.с.с. сипаты;

- тұлпарды бейнелейтін «*Құстай ұшып, құйындай ұйтқып*», «*Айлық жерді алты аттап, жылдық жерді жеті аттап*» сияқты тұрақты тіркесімдер;

- ару сұлулығының «*Ай десе аузы бар,...*» сияқты тұрақты эпитеттері;

- кейіпкер сапарының ауырлығы, оған қаһарманның шыдас беруін білдіретін «*Ұшқан құстың қанаты күйеді, жүгірген аңның тұяғы күйеді*»; «*Таусылмас азық алды, тозбас киім алды*» немесе «*Маңдайым тасқа тиіп, табаным жерге тиіп*»; «*Темір етікпен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалды*»; «*Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды*» сияқты тілдік оралымдар;

- уақыт ұласымындағы өзгешеліктерді бейнелеу үшін тұрақты түрде қолданылатын «*Күн артына күн өтіп, ай артынан ай өтіп, жыл артынан жыл өтті*» немесе «*Күн жүреді, түн жүреді, ай жүреді, апта жүреді*» деп білдірсе, ертегі оқиғаның сәтті аяқталысы мен той жайын «*Отыз күн ойын, қырық ...*»; «*барша мақсат-мұратына жетіпті*» сияқты тіркестер [3: 267-268].

Фольклортанушы С.А. Қасқабасовтың қадап көрсететін «Ертегі поэтикасын құрайтын компоненттердің бірі – көркемдеу құралдары мен тіл өрнегі. Олар ертегіні көркемдеп қана қоймайды, оның эстетикалық функциясын да күшейтеді» [3: 263] деген тұжырымы – лингвофольклортанудың да қағидасы.

Ғалым ертегіні негізге алып фольклордағы көркемдік әдістердің үш түрінің кеңінен қолданылады деп есептейді, олар – әсірелеу, қайталаулар және контраст болып табылады.

«Әсірелеу – жалпы фольклордың жанрлық төркінінен туып, қарапайым және керемет нәрселердің, шалқыған қиял мен тіршілік жайттардың аралас келуін байқататын көркемдік әдіс. Әсірелеу эпикалық образ жасауда негізгі рөл атқарады» [3: 263] – деп көрсетеді С.А. Қасқабасов, бұл сипаттаманы фольклор мәтініндегі троптарды зерттеуші міндетті түрде басшылыққа алуға тиісті.

«Қазақтың халық прозасында» ертегілерде қолданылатын шендестіктің (контраст) екі түрі туралы мәлімет беріледі: бірі – көрінеу кереғарлық, қарсы қою, автордың термині бойынша, сыртқы контраст; екіншісі – көмес кереғарлық, автордың термині бойынша, образдың өз ішінде кездесетін контраст [3: 265]. Ендігі жерде бұлардың бейнеленуінің лингвистикалық айғақтарын айқындау міндеті тұр.

Қайталау әдісі қазақ тіл білімінде айтарлықтай зерттелді десе болады [7]. Алайда фольклорлық мәтіндегі қайталамалар арнаулы нысанға іліккен жоқ. Осы себептен С.А. Қасқабасовтың ертегілердегі қайталамалардың қызметін көрсетуі бұл фольклордағы қайталаманы зерттеуге жолашар бола алады. Ғалымның пікірінше, ертегіде қайталама үш түрлі мақсатпен көрінеді: «біріншісі – қаһарман кездесетін қиыншылықтарды күрделендіре түсу, сол арқылы образдың батырлық тұлғасын көтеру үшін; екіншісі – ретардация, яғни оқиғаны баяулату үшін; үшіншісі – ертегінің ауызша таралуына байланысты оның ұмытылмастай болып жақсы ұғылып, есте қалуы үшін пайдаланылады» [3: 266].

Кез келген ұлттың мифологиясын зерттеу, оның тылсымдарын ашу тілтанусыз іске аспайтыны – ақиқат. Академик С.А. Қасқабасов фольклордың түп төркіні мифте деп таниды. Олай болса, мифті лингвистикалық тұрғыдан зерттеу – фольклордың түп төркінін шындап тануға барып саяды. Ғалымның «Қазақ мифі және әлемдік мифология» атты еңбегінен қазақ лингвофольклортануына азық болар ұғымдар мен оның мәдени-философиялық тәпсірлемелерін көптеп табуға болады. Мұның өзі қазақ лингвофольклортануында когнитивтік бағытты орнықтыруға лайықты қызмет атқарар еді [3: 289-387]. Бұл еңбегінде және ертегілердің поэтикасы, атап айтқанда, ертегілердің құрылысы мен композициясын түсіндірер тұста, ғалым қазақ фольклорлық мәтіндерін өзге этностардың мәтіндерімен салғастыру арқылы, түрлі ұлттардың ауыз әдебиетіндегі ортақтық пен ерекшеліктерді пайымдатады. Осыған орай орыс лингвофольклористикасындағы кроссмәдени бағыт еске оралады. Бұл бағытты қалыптастырған А.Т.Хроленконың анықтауынша, кроссмәдени лингвофольклортану екі я онан да көп этностың ауызша шығармашылығына жататын тілдік-фольклорлық құбылыстарды салыстыруға негізделеді. Мұндағы мақсат – жекелеген лексема, формула, мәтіндерде сақталған мәдени мәністерді

айқындау және мәтіндер жиынтығында сақталған мән-мазмұндарды әлемнің фольклорлық бейнесінің белгісі ретінде, этникалық ділдің көрсеткіші ретінде талдау, этностардың дәстүрлі мәдениетіндегі ортақтық пен өзгешеліктерді, этникалық діл феноменін тереңдей зерттеу, тіл бірліктеріндегі мәдени мәністерді анықтайтын тиімді жолдарды іздеп табу. Осы тұрғыдан келгенде, мұндай бағыттағы талдау фольклор тілінің шегінен шығып антропология, лингвомәдениеттану мен этнотілтанумен араласады [2: 139].

Фольклорды тілтану тұрғысынан зерттеушінің айқын бір жолы фольклор тілін оның жанрларына қатыстыра, жанрдың аясында талдау болатыны күмәнсіз. Осы орайда акаадемик С.А.Қасқабасовтың фольклорлық жанр теориясының жетістіктеріне сүйенетіні де күмәнсіз.

Біз ғалымның пікір-пайымдарын түгендеп шығуды мақсат тұтпадық, бұл жолғы талдауға термелеп алып пайдаланып отырмыз. Сөйтсек те, қазақ лингвофольклортануының болашағына академик С.А.Қасқабасовтың еңбектері фольклортанулық-әдістанулық тірек ретінде тиімді қызмет атқара алатынына көзіміз толық жеткендей. Бұған Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасында орындалып жатқан «Қазақ лингвофольклортануы» ғылыми жобасының зерттелу барысы айқын дәлел бола алады.

#### Пайдалангылған әдебиеттер:

1. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – Ленинград, 1940.
2. Хроленко А.Т. Введение в лингвофольклористику: учебное пособие. // <http://www.litmir.info/br/?b=211651>
3. Қасқабасов С. Шығармалары. – Т. 1. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Фолиант.
4. Тарланов З.К. Сравнительный синтаксис жанров русского фольклора. – Петрозаводск, 1981. – 104 с.
5. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998.
6. Гильфанова Д.Р. Темпоральность художественного текста на материале английского и татарского языков: автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Тюмень, 2005.
7. Конявская Е.Л. К вопросу об авторском самосознании Епифания Премудрого // Древняя Русь. Вопросы медиевистики. – 2000. – № 1.
8. Бүркіт О. Қайталамалардың лингвостилистикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 273 б.; Утанова А.Қ. Қазіргі қазақ көркем прозасындағы қайталамалар (Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ә.Кекілбаев, Ә.Тарази шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Астана, 2004; Дәулеткереева Н.Ж. Қазақ баспасөзіндегі қайталамалардың прагматикалық мәні: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2010; Баймбетова Ж.Ұ. Қайталамалардың тілдік-поэтикалық табиғаты. // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2011. – №3(82); Әбуева А.М. Көркем шығармадағы синтаксистік қайталамалар.// «Қазақ тілінің стилистикасы және тіл мәдениеті». ҚР ҰҒА академигі М.Серғалиевтің 70 жасқа толуына орай өткізілген республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2008; Мамаева М.Қ., Хасенова А.Н. Қадыр Мырза Әлидің ғибратты әңгімелеріндегі лексикалық қайталамалар және олардың стильдік қызметі. // әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – №2(148).